

**«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ
филология факультетінің докторанты Кайранбаева Назым
Нургельдиевнаның «8D02208 – Түркітану» мамандығы бойынша
философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін
ұсынылған «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан»
қолжазбасының тілі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
отандық ғылыми кеңесшінің**

ШІКІРІ

Араб графикасы негізінде қалыптасқан шағатай тілі XV ғасырдың басынан XX ғасырдың I жартысына дейін Орта Азия түркі халықтарының әдеби жазба тілі болған. Бұл тілді кейбір ғалымдар көне өзбек тілімен байланыстырып қарастырады. Алайда соңғы уақытта жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Орта Азиядағы түркі халықтарының ортағасырлық еңбектерінің басым бөлігі осы шағатай тілі негізінде жазылғаны жиі анықталуда. Осыған байланысты қазіргі таңда қазақ халқының ұлттық рухани мұрасы қорынан ерекше орын алатын көне жазба жәдігерлерді іздеп табу, оларды түпнұсқадан зерттеу арқылы ғылыми айналымға түсіру сияқты жұмыстар филология, түркітану, шығыстану, тарих, этнография, мәдениеттану салалары үшін өзекті болып отыр. Докторант Кайранбаева Назым Нургельдиевнаның «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының тілі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы осы бағытта орындалды.

Диссертациялық жұмыс кіріспе, үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Тараулар өз ішінде тақырыптық тараушыларға бөлінген.

Кайранбаева Назымның «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының тілі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының **«Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының зерттелуі** атты бірінші тарауы теориялық мәселелерге арналған, атап айтқанда, бұл тарауда шағатай тілінің классификациясы мен оның зерттелу дәрежесіне байланысты сұрақтар талданады. Сонымен қатар зерттеудің нысаны болып отырған қолжазбаның шетелдік және отандық кітапхана қорларында сақталған нұсқалары жайлы мәліметтер кешенді түрде зерттеліп, олардың әрқайсысына жеке талдау жасалады. Қолжазба нұсқаларының көшірілген орны мен уақытын анықтау үшін кодикологиялық талдау жүргізіліп, нәтижесі тұжырымдалады.

«Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының фонетикалық және морфологиялық ерекшелігі атты екінші тарауда қолжазба тілінің граф-фонетикалық ерекшеліктерін анықтауға арналады және осы қолжазба мәтінінің негізінде шағатай тілінің морфологиясы қарастырылады. Сонымен қатар докторант қолжазба тілінің сөзжасамы мен сөз таптарына талдау жасау арқылы шағатай тілінің морфологиясына тән ерекшеліктерді атап көрсетеді.

«Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының лексикалық қоры» атты үшінші тарауда қолжазба мәтінінің түркі, араб және парсы тілдік қабаттары көрсетіліп, аталған әр тілге тиесілі семантикалық тақырыптық топтары жіктеледі. Түркілік қабатта оғыз және қыпшақ тілдері лексикасының фонетикалық ерекшеліктері қарастырылады. Осы тараудың үшінші тармақшасында қолжазбаның ономастикалық кеңістігінің антропонимикалық және топонимикалық лексикасы топтастырылған.

Докторанттың зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны жүйелілік пен сабақтастық қағидаларын сақтауды көздейді және тараулардың өзара тығыз байланысы мен сабақтастығын мақсат етеді. Ізденуші қазіргі түркітану ғылымында қалыптасқан негізгі принциптер мен әдіс-тәсілдерге сүйенуді мақсат ете отырып, диссертацияда деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық талдау; лексика-семантикалық, графо-фонетикалық және грамматикалық талдаулар; транслитерациялау, сипаттамалық, салыстырмалы-тарихи, статистикалық талдау, лингвостатистиканың жаппай бақылау әдістері мен топтау, жинақтау, жіктеу тәсілдерін кешенді түрде қолдануды өзіне міндет санады.

Докторант зерттеу қорытындылары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалар жариялап, халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндама жасады. Конференциялар барысында апробациядан өткен зерттеу нәтижелері ғылыми журналдарда жарық көрді. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференцияларда 3 мақала, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақаласы жарияланды.

Ғылыми жетекші ретінде докторант Н. Кайранбаеваның зерттеу жұмысын түркітану ғылымына, соның ішінде тіл тарихы, тарихи грамматика, тарихи лексикология, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын зерттеу ісіне өзіндік үлесін қосады деп санаймыз.

Жалпы алғанда, Н. Кайранбаеваның «8D02208 – Түркітану» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының тілі» атты зерттеуі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай орындалған және диссертациялық жұмыс толық аяқталған деп есептей отырып, «8D02208 – Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге ұсынамыз.

Отандық ғылыми кеңесші,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Жазба жәдігер және рухани мұра»
Ғылыми-зерттеу орталығының
директоры, Шығыстану факультеті
түрксоy кафедрасының б.ғ.к. доценті



З. Шадкам

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова